

"Талдықорған – Қалбатау – Өскемен" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау" 287-1073 км" жобасы бойынша мемлекеттік кепілдік беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 204 қаулысы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 215-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қытайдың экспорт-импорт банкіне Мемлекеттік кепілдік туралы келісімді жасасу күніне валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша 796000000 (жеті жүз тоқсан алты миллион) АҚШ долларына дейін баламалы сомада "ҚазАвтоЖол" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының тартылатын қарыз бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ету ретінде "Талдықорған – Қалбатау – Өскемен" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау" 287-1073 км" жобасы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін берсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев